

1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 15 қыркүйек N 889

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703_ қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына: 1998 жылдың 21 қыркүйегіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес Басқарманың мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекіту;

бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс әзірлеу және енгізу ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
15 қыркүйектегі
N 889 қаулысымен
бекітілген

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі

N	Атауы	1998 жылғы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
		нысаны	
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		
	Республикалық деңгейдегі әкімшілік шығыстар	Ұстауға	Ұстауға
	Орталық органның аппараты		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар	Бұл да	Көрсетілген
	Астана қаласында бірінші кезектегі объектілерді салу		
	Мемлекеттік резиденциялардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету		
	Ресми делегацияларға қызмет көрсету		
	Ғимараттарды күту және қызметкерлердің қызметін қамтамасыз ету		
4	Білім беру		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар	Бұл да	Бұл да
	Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу		
5	Денсаулық сақтау		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар	Бұл да	Бұл да
	Санаторлық-сауықтыру жұмыстары		
	Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің қызметшілеріне медициналық жәрдем берудің кепілді көлемін қамтамасыз ету		
	Республикалық деңгейде қауіпті індеттердің алдын алу олармен	Бұл да	Ұстауға

күрес жүргізу		
Мемлекеттік мекемелер		
Санитарлық-эпидемиологиялық		
станция		
8 Демалысты ұйымдастырумен мәдениет		
саласындағы қызмет		
Республикалық деңгейде орындалатын	Бұл да	Көрсетілген
мемлекеттік тапсырыстар		қызметтер үшін
Балалармен мәдени шаралар жүргізу		